

*Мамыров А.Ы.
ф.ғ.к., доцент*

**Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНА ЖАҢАША
КӨЗҚАРАС (АКАДЕМИК Қ.ЖҰМАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІ
НЕГІЗІНДЕ)**

«Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсариннің өмірі, казак жазба әдеби тілін қалыптастырудағы шығармашылық жетістіктері, халық ағарту жолындағы ізгілікке толы істері аз айтылған жоқ. ХІХ ғасырдың аяғында негізі қалана бастаған ыбырайтану ХХ ғасырда бар қырынан алынып, жан-жақты талданды. Мұның басында ыбырайтануды өзіндік ой-пайымдарымен тереңдете түскен ғалымдар С.Аспандияров, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, К.Бейсенбиев, Б.Сүлейменов, Ә.Сыдықов, Ә.Дербісәлин, М.Жармұхаметов, т. б. тұр.

Бұл мақаладағы мақсат негізгі нысан академик Қ. Жұмалиевтің ыбырайтанудағы пікірлерін зерделеу және сол арқылы ыбырайтануға жаңа көзқарас тұрғысынан қарауды қалыптастыру болғандықтан жоғарыда аты аталған авторларға айтылмақ ойдың ретіне қарай ғана тоқталмақпыз.

Ы. Алтынсаринді педагог-жазушы деп таныған көрнекті ғалым Қ. Жұмалиевтің пайымдауларынан ұлы ұстаздың ұстанған өмірлік кредосының жаңа қырларын жан-жақты ашып бере алғандығын көреміз.

Ыбырайдың ағартушылығы, оның бұл жолға келуі жөнінде көзі тірісінде де, өзі өмірден озғасын да түрлі деңгейде сөз болғаны белгілі. Бұл тұрасында Қ. Жұмалиевтің өзіндік көзқарастарын байқауға болады. Ғалым Ы. Алтынсаринді ағартушылық ізгі істерге жетелеуші, бағыттаушы, ықпал етуші жұрт айта беретін орыс достарынан бөлек көзге әп дегенде көріне бермейтін рухани дүниелер барлығын алға тартады. Біз сонда ғана ұстаздық жолмен казак халқына қызмет етсем, елімнің ертеңі нұрлы болады деген нық сенімнің ұшқыны қайдан шыққандығын білеміз. Әрине, Ыбырайдың мектеп ашуына орыс достарының көмегі, кеңесі болғаны анық. Бірақ бойлай қарасак, ұлы ұстаздың бар күш-жігерін қыздар мектебін ашуға жұмсағандығында біраз сыр жатыр.

ХІХ ғасырда казак қоғамында бірлі-жарлы ер балалар оқығанымен, қыз балалар көбіне сауатсыз күйінде қалып отырды.

Осы теңсіздікті аңғарған Ы. Алтынсарин сауатсыздықты жою үшін әуелі болашақ ана қыз балаларды оқыту керек деп білді. Өйткені, көзі ашық оқыған қазақ қызы ұрпағын білім ордасы мектепке жетелейтіні анық. Ұрпақ тәрбиесіндегі ананың орнын жақсы тани білген ұстаз, елдің бетін білімге бұруда жетекші күш қазақ қыздарын оқу-білімге көптеп тарту қажеттігінде жатқандығын түсінді.

Біліммен сусындаған қазақ қызы ел өміріне тың серпін әкеліп, қоғамды ізгілендіре алады деген бек сенімнің ұшқыны ұлы ұстазға кандай рухани дүниелер арқылы тарағандығын ыбырайтанушы ғылымдар ішінде алғаш таратып айта білген де - Қ.Жұмалиев.

Ы.Алтынсариннің өміріне қатысты тарихи деректерде, ағартушы 1859 жылдан бастап Орынборда тілмаштық жұмыс атқарғандығы айтылады. Сол жылдары Ы.Алтынсарин шығыс зерттеушісі В.В.Григорьевпен жақындасып, оның кітапханасын пайдалану арқылы орыстың және алыс-жақын шетел классиктерінің еңбектерімен танысқандығы белгілі. Солардың бірі орыстың ірі жазушысы Н.Г.Чернышевскийдің “Не істеу керек” деп аталатын романында Ресейде әйелді әлеумет өміріне араластырса, қоғамға кандай үлкен пайда келтірер еді деген ой айтылатыны мәлім.

Ғалым Ыбырайдың қазақ қыздарына мектеп ашып, оларды әлеумет өміріне атсалысса деген ниеті осындай рухани шығармалармен танысқаннан кейін бастау алған деп санайды.

“Орыстың XIX ғасырдағы ірі жазушыларының әйел мәселесіне бір соқпай кеткендері жоқ. Әсіресе революцияшыл-демократтардың әйел мәселелерін дұрыс шешуде рөлдері ерекше. XIX ғасырда әйелдердің бас бостандығы, қоғамда алатын орны туралы мәселені шешуде прогрессивті идеяны қолданушыларға қазақ даласынан үн қосқан, демократтық идея биігіне көтерілгендер – Алтынсарин мен Абай. Алтынсариннің қазақ қыздары үшін мектеп-интернаттар ашуға жарты өмірін сарп етуі тек жалаң оқыту, хат білдіру ғана емес, қазақ әйелдерінің әлеумет жұмыстарына араласуын, қоғамның праволы мүшесі болуын аңсаған ұлы арманынан туған істер болатын” - дейді [1, 223-224 бб.].

Қ.Жұмалиев Ы.Алтынсариннің қаламынан туған әңгіме, новелла, очерк, трактат, хикая, хаттарын зерделей келіп, прозалық жанрдың бұл түрлерінен педагог-жазушы қазақ әдебиетінде жазба әдеби тіл қалыптастырды деген қорытынды жасайды. Сондай-ақ поэзияға қарағанда кешендеу туған прозаның тез бой көтеріп, өркен жаюына Ы. Алтынсариннің тигізген оң әсері, қосқан үлесі қомақты

екендігін ғалым жазушы шығармашылығына бойлай ене отырып, дәлелдеп бере алды...

Қай жазушы, қай ақын болмасын өзі өмір сүрген уақытта қоғамда орын алған түрлі әлеуметтік жағдайларды шығармаларына арқау қылатыны анық. Әрине, сол кезде қоғамда қандай саясат үстемдік жүргізіп тұрғанын да естен шығармау керек. Өйткені, шығармашылық адамның әдеби мұрасында ол өмір сүрген уақыттың шындығы көрінетіні хақ.

Ғалым Ы.Алтынсариннің “Бай баласы мен жарлы баласы” әңгімесінен елдің өткен өмірімен қатар, жазушының шығарманы жазу барысында қай мұнара биігінен қараған көзқарасын да аңғаруға болады деген бір түйін ой айтқан болатын.

“Шығарманың бас геройы етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр.

Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни, бір жастағы балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені - биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Асанның есі дұп-дұрыс, дені де сап-сау. Бірақ, оған қарағанда Үсен көш ілгері жатыр. Өмірмен бетпе-бет келгенде Асанның әлсіз, мүгедектігіне кінәлі де, Үсеннің өз құрдасынан асып түсіп, бетпе-бет келген өмір қиыншылығымен алысып кетуіне негіз де - тұрмыс.

Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасымен, ақысыз-пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бейшаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрес ері етті.

...Әңгімені абайлап оқушыға жазушының симпатиясы Үсен жағында. Мұны олардың іс-әрекетін суреттеуінен де, диалогтарынан да көру қиын емес. Жазушы болашақты да кедей баласы Үсенде деп біледі [2, 56 б.].

Ы.Алтынсариннің “Бай баласы мен жарлы баласы” әңгімесінің негізгі жетістігі деп, ғалым автордың қоғамда қарапайым халықтан тұрмысы артықтардың ақыл-есі де артық саналып келген қасаң түсінікке күйрете соққы беруін айтады.

Қ.Жұмалиев “Қыпшақ Сейіткүл” әңгімесіндегі негізгі тақырып еңбек екендігін көрсетумен қатар, шығарма сюжетінен автор төрт түрлі мәселені көтергендігін аңғаруға болатындығын алға тартады.

Олар: еңбек, отырықшылық - егін кәсібі, сауда, еңбексіз ұрлықпен күн көрушілік...

Шығармада сөз болатын сауда мәселесін автор қалай суреттегенін көрсету мақсатында және ғалым мұны жеке мәселе етіп алуына негіз бар ма деген сұраққа жауап ретінде аталмыш әңгімеден мына бір сөйлемді келтіруді жөн санадық.

“Сейітқұл енді Бұхар, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолы әр түрлі товар алдырып, жылда егін піскен уақытта, манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды, көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпты бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлың жұрттан асқан бай болыпты [3, 54 б.].

Осы үзіндіге қатысты зерттеуші пікірі ойланарлық, бұлай дейтін себебіміз, ғалым тұжырымы дұрыстығымен қатар кей тұста шығарма авторының ұстанған идеясын ұғынуда көзқарас алшақтығына байланысты келіспеушілігімізді туғызады. Бұған сәл кейін тоқталамыз. Қазір түсінікті болу үшін ғалымның пікірін толықтай келтірейік.

“Бізше, бұл үзіндіден екі түрлі мәселенің беті ашылатын сықылды. Бірінші, Алтынсарин - өз кезіндегі қазақ даласына ене бастаған капитализм элементін қолдаушы, капиталистік даму жолы, ескі феодализм қоғамымен салыстырғанда анағұрлым прогрессивтік жағы көп екендігін дұрыс болжап, дұрыс түсінген адам. Бұл өз кезінде, сөз жоқ, прогрессивтік пікір еді.

Екінші, өз еңбегімен күн көру, отырықшыланып, егін кәсібі арқылы кедей шаруалардың тұрмысын жақсартуды, ең керекті мәселе деп біліп және оны ең бірінші орынға қойса, мал жиып қонданған елге қосымша түрде сауда кәсібін ұсынады. Сейітқұл елінің бәрі, теп-тегіс сауда арқылы байиды. Сауда арқылы баю мүмкіншілігін жоққа шығармағанда сауда болған жерде қанау бар, каналу бар. Демек, Сейітқұл елінің басына жазушы қаншама жұмақ орнатамын деп, “бозторғайды қой үстіне жұмыртқалатпақ” болса да, ол жері шындыктан тыс, қияли ғана нәрсе. Және саудагер жай халықты қанау арқылы ғана байитындығын көре алмаушылық. Бұл жазушының өмірдің кейбір құбылысын топшылауда аяғын шалыс басқан да кезі болғандығын аңғартады - деп есептейді [4, 49 б.].

Біз дәл осындай Ы.Алтынсарин өмірдің кейбір құбылысын топшылауда аяғын шалыс басты, қоғамдық жағдайларды түсіне алмады, түсінуге мүмкіншілігі де жоқ еді деген пікірлерді

Ыбырайтанушы ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, Ә.Дербісалин зерттеулерінен де кездестіреміз.

Ә.Қоңыратбаев: “Қыпшақ Сейіткұл” әңгімесінде Ыбырай отырықшылық идеясын үндейді. Сөйте тұрса да Ыбырай кедейлерді еңбекке шақыра отырып, тап күресін, байлықтың қанау арқылы табылатынын аша алмайды. Сейіткұл бейнесінде де ептеп қайшылықтар бар” - дейді [5, 131 б.].

Ә.Дербісалин: “Дегенмен, Ыбырай еңбек мәселесін барлық уақытта бірдей, дұрыс шешті деп қарауға болмайды. Ол осы тақырыпқа көбінесе ағартушылық, тұрғыдан келіп, басқа да ағартушылар сияқты, еңбектің қоғамдық маңызын кейде асыра дәріптеп те жібереді. Мысалға, Сейіткұлдың өзі - шаруаның өкілі. Сондықтан оның байығаннан кейін басқаның еңбегіне көз алартпай отыруы, жұртқа қамқорсуы - мүмкін емес жағдай. Ыбырай Сейіткұлдың және оның айналасындағылардың мұндай ерекшелігін білген жоқ, білуі де мүмкін емес еді” - деп санайды [6, 136-137 бб.].

Осы жоғарыда келтірілген үш пікірдің үшеуінде де ғалымдар Ыбырай сауда бар жерде қанау барын көре алмады, сол себепті жазушы байлықтың қанау арқылы табылатынын аша алмады, бұл жазушының өмірдің кейбір құбылысын топшылауда аяғын шалыс басқан кезі, Ыбырай мұндай ерекшеліктерді білген жоқ деген сықылды пікірлер айтылады.

Ал бұл шындығында да солай ма? Бұған жазушының шығармалары арқылы жауап іздеп көрейік. Өйткені, шығарма - автордың өмірде көрген-түйгені қандай дәрежеде деген сұраққа жауап беретін бірден-бір деректі дүние.

Ы. Алтынсарин көптеген әңгімелерінде еңбек тақырыбын көтергені белгілі. Осыларды парақтай отырып, түйткіл нәрсенің сырын ашқандай болдық. Ыбырай еңбек тақырыбына жазылған әңгімелерінің бірсыдырғысында еңбекті жаңаша құру, базарға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды сөз етеді. Жаңа кәсіпті, акшаны пайда көзі санайды. Мысалы, “Білгеннің пайдасы” деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады. “Өрмекші”, “Мақта қыз”, “Асыл шөп”, “Әке мен бала”, “Силинші деген ханым” сияқты әңгімелерінің негізгі қазығы - жаңа кәсіп, әрекетшілдік. “Сәтемір хан” атты әңгімесінде жалдамалы еңбектің қажеттігі айтылған.

Осы келтірілген әңгімелердің бәрі Ыбырайдың саудасаттықтан, базардан хабары барын айғақтап ғана қоймайды, сонымен қатар, автор нарықтық қатынас кезінде елдің

экономикасын не арқылы көтеруге болатындығын да шығармасында дәлелдегенін көреміз. Оның үстіне, Ыбырай елге билік айтқан Балқожа бидің немересі, сондықтан оның көзін ашқаннан көргені ел билеу ісі мен мал табу ісі екені анық. Ол өсе келе оқу іздеп Орынборда, жұмыс барысымен Петербургте болды. Әрине, Ыбырай бұл қалаларда сауда-саттық ісіне байланысты емес, оқу-ағарту мақсатында келгені мәлім. Дей тұрғанмен, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей капиталистік даму жолына жаңа түсіп жатқан мемлекет болатын. Жат ел, жанаша даму жас Ыбырайға бізде де осындай іргелі істер жасауға болады ғой деген ой тастағаны анық. Біз жоғарыда тоқталған әңгімелер осының айғағы. Ыбырай Ресейден арғы дүниені білмеді десек ағаттық болған болар еді. Ол алыс-жақын шетелдердің тыныс-тіршілігін мерзімдік баспасөздерден, тыйым салынған кітаптардан, озық ойлы орыс достарымен сұхбаттасу арқылы біліп отырды. Осының бәрі оның өмір тануына, шығармашылығына оң әсерін тигізіп отырғаны сөзсіз. Бұған дәлел ретінде Ыбырайдың “Өнер, білім бар жұрттар” өлеңін келтіре аламыз.

Осы өлеңнің мазмұнын оқушыларға түсіндіруде акын казак жастарын өнер-білімге шақырып тұр деген жаттандылықтан, жалтақтықтан шыға алмадық. Акын ойының тереңіне сүңгімедік, бетінде малтығанымызға мәз болдық. Қазак елінен көш ілгері кетіп, өнер, білімге кенелген елдер жетістікке қалай жетті, қандай кәсіп, нендей саясат ұстану арқасында жеткендігі жөнінде жазушының әңгімелеріндегі жақұт ойлары өлеңмен біртұтас қарастырылмай келді. Бұған біріншіден, кеңестік өктем саясатта мүмкіндік бермеді. Екіншіден, шығарманы, оның авторын бағалауда кеңестік критерийлер болды. Егер шығарма тап жауларымен, т. б. күреске шақырып тұрса, оның авторы өмірді жете білген болады. Ал, шығарма күрестің күркірінсіз баяндалса онда оның авторы өмірді жете танушылардың қатарына жатпайды.

Сондықтан да ғалымдарымыз “Қыпшақ Сейіткұл” әңгімесінде Ыбырай “сауда бар жерде қанау барын түсінбеді” сол себепті жазушы “өмірдің құбылысын топшылауда аяғын шалыс басты” деген сынды бір жақты тұжырымдар жасады. Мұндай тұжырымдар әдебиеттің таптық болуын көздеуден туған сияқты.

Шындығында Ы. Алтынсарин “сауда бар жерде қанау барын” түсінді. Сонымен бірге сауда бар жерде даму да бар деп білді. Адам тек қанау арқылы ғана емес, ақыл-ойы, адал еңбегі арқылы да байи алатындығына Сейіткұлды мысал қып келтірді. Қазак халқы мал

шаруашылығымен қоса сауда-саттықпен айналысса еселеп дамып, өнер, білімге жетіп, дамыған ел болатындығына көзі қарақты Ыбырай сенді. Сол себепті халқының капиталистік елдердегідей сауда-саттықты өркендетуін қалады.

Осы жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, Ыбырай шығармаларына қатысты кейбір ұстанымдарды қайта қарап, әдебиетшілеріміз жана тұжырымдар жасайтын уақыт жетті ғой деп ойлаймыз.

Ыбырай Алтынсаринді педагог-жазушы деп таныған Қ. Жұмалиев пікірлерін қорытындылай келіп айтарымыз, ғалым біріншіден, ұлы ұстаз Алтынсаринді ақын әрі жазушы деп таныды. Оның шығармашылығындағы жетістіктердің бірі өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің даму тарихында болмаған тың тақырыптарды көтеруінде деп білді. Бұған қоса өлең, әңгімелері арқылы қазақ халқына прогрессивтік үлгі-өнеге ұсынды деп санады.

Екіншіден, Қ. Жұмалиев орыс демократтарының Ыбырай Алтынсарин дүниетанымына, шығармашылығына тигізген әсерін дұрыс түсініп, оны педагог-жазушының өмір жолымен бірлікте қарастыра білді.

Үшіншіден, ғалым Алтынсаринді ескіліктің шаңын қағушы, қазақ халқына жол көрсетуші, бір сөзбен айтқанда реформатор деп таныды.

Қ. Жұмалиев педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіндегі орны туралы: “Алтынсаринге шейінгі қазақ әдебиеті – түп-түгел поэзия. Ауыз әдебиетіндегі ертегі-әңгімелерді ғана айтпасақ, тарихқа аты мәлім ХІХ ғасырдағы қазақ ақындардың біреуі де қара сөз жазған емес. Тіпті ұлы ақынымыз Абай да көркем қара сөзбен шұғылданған жоқ. Эпостық жанрдың бұл түрін жасауда бірінші рет қолына қалам ұстап, әдебиетімізге соныдан жол салып, үлгі пішкен жазушы - Алтынсарин. Сондықтан, оны қазақ әдебиетіндегі көркем қара сөздің негізін салушы, атасы десек, мақтау емес шындық”, - деп санайды [1, 247-248 бб.].

Қазақ әдебиетін проза саласында бұрын болмаған неше алуан түрлермен байытып, кәсіби жазба әдеби тіл қалыптастырушы педагог-жазушы Ы.Алтынсариннің шығармашылығын танып-білуде академик Қ. Жұмалиев айтқан ой-тұжырымдардың өміршең, жетекшілік мәнге ие болып қала беретінін уақыт сыншының өзі дәлелдеп беріп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 435 б.
- 2 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 2 т. – 364 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 4 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиетіндегі Ыбырай Алтынсариннің тарихи мәні мен орны // ҒА Хабаршысы. – 1950. – № 5. – 34 – 53 бб.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
- 6 Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 226 б.

В статье рассматривается новый взгляд Ы.Алтынсарин на литературное наследие, основанный на трудах академика К. Жумалиева.

ӘОЖ 811. 512.161.

Нұрманова Ж.Т.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ізденушісі

**Н.Ф. КАТАНОВТЫҢ ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ**

Түркітану ғылымының теориялық тұрғыдан қалыптасуына ерен еңбек сіңірген Ресей ғалымдарының бірі – профессор Н.Ф.Катанов. Тірі кезінде түркітану классигі дәрежесіне көтерілген ізденімпаз ғалым жан-жақты еңбек етті. XIX-XX ғасырларда түркі тілдес халықтардың тілі, әдебиеті, фольклоры, этнография, т.б. жөніндегі жаңа мәліметтер жинап, тың тұжырымдар ұсынды. Десек те, ғалымның ғылыми мұрасы әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ және күні бүгінге дейін түркологиялық еңбектері тиісті бағасын ала алмай келеді.

XX ғасырдың соңында, түркі халықтарының көп бөлігі өз тәуелсіздігін жариялаған тұста, жұмыр жердің этно-гео-саяси шарттарынан түркітану ғылымы оқшау қала алмайды. Әсіресе түркі халықтарының рухани болмыс-бітімін әлемдік этносаралық контексте пайымдауға ден қойғанда олардың өткенін, бүгінін және болашағын тарихи-мәдени біртұтастықта зерделеу мәселесі көкейкесті іс. Осындайда Н.Ф.Катанов сияқты ірі тұлғаның мұрасын жаңа талаптар деңгейінде қарастыру, жұмыстарын түсіну және талдау жасау, оның ғылымға қосқан үлесін анықтау аса